ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 12 қазан №1513-23-00-2/2040 іс Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья Ж.Биманованың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшысы А.С.Әбдуәлиева отырып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі карады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Замзагуль Садыкова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 18 шілдеде талап қоюшы «Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Қарауылкелді ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (тапсырыс беруші) мен жауапкер жеке кәсіпкер Садыкова Замзагуль (өнім беруші) арасында «бағалы ұсыныстарға сұраным» тәсілімен, мемлекеттк сатып алудың корытындылары негізінде №214 мемлекеттік сатып алу туралы шарты (бұдан әрі – Шарт) жасалған.

Шарт сомасы 311 250 теңгені құрайды.

Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №1 қосымша бойынша жауапкер келісім шарт күшіне енгеннен кейін, күнтізбелік 2023 жылдың 25 тамызына дейін, жүк тасымалдау қызметін көрсету, яғни 17 573 дана оқулықты жеткізу жұмыстарын орындау түріндегі міндеттемені өзіне алған.

2023 жылғы 8 тамызда жауапкер, мемлекеттік сатып алу веб порталы арқылы оқулықтарды жеткізе алмайтындығын, Шартты біржақты бұзып, сотқа берілген жағдайда қарсылығы жоқ екендігін хабарлаған.

2023 жылғы 9 тамызда талап қоюшымен Шарт біржақты бұзылған.

Құжатқа қол қойылған: Биманова Ж. Ж., 16.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 21.11.2023, судья Биманова Ж. Ж., 23.11.2023
1513-23-3-1/2354

КӨПИЯ/КОПИЯ

2023 жылғы 10 тамызында талап қоюшы жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамауына байланысты, оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабымен сотқа жүгінген.

Әзірлеу жұмыстары барысында тараптар азаматтық істі өздерінің қатысуынсыз қарауды сұрады. Жауапкер талап қоюды мойындады.

Істі негізінен қарау үшін дәлелдемелер жеткілікті болғандықтан, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 196-бабының (әрі қарай–АПК) талаптарын басшылыққа алып, сот істі тараптардың қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап қою бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай – АК) 272-бабына сәйкес міндеттеме–міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісті дәрежеде орындамаған өнім берушілердің тізбесі болып табылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3)-тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуметті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшының тарапынан күнтізбелік 30 күн ішінде сотқа жүгіну мерзімі сақталған, яғни сотқа талап қоюмен уақытылы жүгінген.

Сотта анықталғандай, жауапкер өзіне жүктелген міндеттемелерді орындамағандығы іс материалдармен және жауапкердің талап қоюды мойындау туралы арызымен дәлелденеді.

Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады (АК-нің 10-бабы).

Бұл тұрғыда, сот, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, талап қоюшыдан жергілікті бюджетке 1725 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндіріліуге жатады.

№2 талап қою бойынша

Құжатқа қол қойылған: Биманова Ж. Ж., 16.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 21.11.2023, судья Биманова Ж. Ж., 23.11.2023

КОПИЯ ДҰРЫС

АК-нің 272, 277 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Сот отырысында, анықталғандай, шарттың 7.3 тармағында, тұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда тапсырыс беруші орындаушы міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда орындаушыдан мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын ұстап қалады немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын ұстап қалады, бұл ретте тұрақсыздық айыбының жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 10% артық болмауы тиіс делінген.

Алайда талап қоюшы Шартты 2023 жылғы 9 тамызда біржақты бұзып, 2023 жылғы 10 тамызда сотқа талап қоюмен жүгінген.

Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімі өтпегендіктен және талап қою сотқа, шарт біржақты бұзылғаннан кейін берілгендіктен сот, талап қоюшының 31 125 теңге көлемінде тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы негізсіз деп санайды. Сонымен қатар тұрақсыздық айыбы дұрыс есептелмеген, Шарттың талаптарына сай келмейді.

Сот, зерделенген дәлелдемелерді негізге алып, талап қоюшының №2 талабы негізсіз деп танып, қанағаттандырылусыз қалдыруға жатады деген тұжырымға келді.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің талап қою арызы ішінара қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Замзагуль Садыкова мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Замзагуль Садыковадан жергілікті бюджетке 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Талап қоюдың қалған бөлігі қанағаттандырылусыз қалдырылсын.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің

Құжатқа қол қойылған: Биманова Ж. Ж., 16.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 21.11.2023, судья Биманова Ж. Ж., 23.11.2023

КОПИЯ ДҰРЫС

көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Актөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Актөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Ж.Ж.Биманова

Сот өндірісі
Судопроизводство
Құжатқа қол қойылған: Биманова Ж. Ж., 16.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 21.11.2023, судья Биманова Ж. Ж., 23.11.2023
1513-23-3-1/2354